

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де
денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын
оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы (ОӘҚ)

ЖБТ отырысының хаттамасы №9

2025 жылғы 3 желтоқсан, Ақтөбе қ.

Төраға: Ермуханова Л.С.

Төрағаның орынбасары: Мусаханова А.К.

Хатшы: Болатова Ж.Е.

Отырыс форматы: онлайн

Қатысқандар: комитет төрағалары

Күн тәртібі:

«Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың аралық білімін бағалау үшін емтихан материалының техникалық ерекшелігі мен оқыту нәтижелерін талқылау (01.12.2025 ж. №5 хаттама көшірмесі негізінде).

ТЫҢДАЛДЫ:

ГУП төрайымы Ермуханова Л.С. 01.12.2025 ж. №5 хаттамаға сәйкес «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы комитеті отырысының көшірмесін ұсынып, білім алушылардың аралық білімін бағалау үшін емтихан материалының техникалық ерекшелігі мен оқыту нәтижелерін талқылау мәселесін баяндады.

«Медико-профилактикалық іс» ББ Комитеті осы білім беру бағдарламасын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының медициналық жоғары оқу орындары арасында дауыс беру жүргізді.

Дауыс беру нәтижелері:

- «Қолдаймын» – 6 (ҚазҰМУ КеАҚ, «МУА» КеАҚ, «ҚМУ» КеАҚ, «ҚРМУ» НУО, «МКТУ» КеАҚ, «ЮКМА» АҚ);

- «Қарсы» – 1 (М. Оспанов атындағы БҚМУ КеАҚ). М. Оспанов атындағы БҚМУ КеАҚ өкілдері қолданыстағы білім беру бағдарламасында «Биология» пәні көзделмегенін, осыған байланысты «Медико-профилактикалық іс» білім алушылары бұл пәнді оқымайтынын атап өтті. Сондықтан олардың пікірінше, оқытылмаған материалды оқыту нәтижелері мен тест спецификациясына енгізу орынды емес.

ТУП мазмұнында биология «дамудың жасушалық механизмдері» ретінде көрініс тапқан, бірақ жеке «Биология» пәні ретінде бөлінбеген. Оқыту нәтижелері комитет отырыстарында бірнеше рет талқыланды, алайда «Биология» пәнін тесттік тапсырмалар спецификациясына енгізу туралы ұсыныстар бұған дейін түспеген.

- «Қалыс қалды» – 2 (МУС КеАҚ және Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ). МУС КеАҚ өкілдері олардың ББ құрылымында «Кәсіби коммуникация» және «Медициналық этика» пәндері жоқ екенін, бұл ББ мазмұнын қалыптастырудағы

академиялық еркіндікке байланысты екенін және осы жағдай тест спецификациясы бойынша дауыс беру кезінде қалыс қалуға себеп болғанын атап өтті.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ өкілі университетте «Медико-профилактикалық іс» білім беру бағдарламасы әлі іске қосылмағанын хабарлады. Сонымен қатар бірыңғай форматтың болмауы жоғары оқу орындары арасындағы тәсілдерді үйлестіруді қиындататыны айтылды. Академиялық автономия мүмкіндіктеріне қарамастан, талаптарды және оқу материалдарының мазмұнын келісу күрделі мәселе болып қалып отыр, бұл жиі өткізілетін талқылаулар мен түзетулер қажеттілігімен расталады.

МПД Комитетінің төрайымы Даулеткалиева Ж.А. қолданыстағы ТУП бойынша «Дамудың жасушалық механизмдері» пәні көзделгенін және оны алып тастау мүмкін еместігін түсіндірді.

Комитет отырысының қорытындысы бойынша оқыту нәтижелері мен емтихан материалының техникалық ерекшелігін УМО РУМС-қа бекітуге ұсыну туралы шешім қабылданды.

Дауыс беру: Бір ауыздан.

Шешім қабылданды:


Медициналық жоғары оқу орындарының дауыс беру қорытындылары туралы «Медико-профилактикалық іс» ББ Комитетінің ақпаратын назарға алып, Комитеттің ұсынымдарын қолдау; оқыту нәтижелері мен емтихан материалдарының техникалық ерекшелігін УМО РУМС-тың бекітуіне ұсыну.

Төрайым



Ермуханова Л.С.

Хатшы



Болатова Ж.Е.